

БЕКІТЕМІН

М.Әуезов атындағы ОҚУ
Академиялық мәселелер
бойынша басқарма мүшесі-
проректор

Қ.Сарықұлов
«30» _____ 2024ж.



**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің
Ақпараттық білім беру орталығын
ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

М.Әуезов атындағы ОҚУ-нің Ақпараттық білім беру орталығы (АББО) ғылыми, ақпараттық, мәдени-ағартушылық функцияларды орындайды, университетте білім беру, ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметті қамтамасыз етеді.

Ереже пайдаланушылардың қызметтерін ұйымдастырудың жалпы тәртібін реттейді.

Пайдаланушы кітапхананың қызметтерін пайдалана отырып, осы Ережемен келіседі және пайдаланушылардың және кітапхананың құқықтары мен міндеттерімен таныс екенін растайды.

1. АББО пайдаланудың жалпы ережелері

1.1. АББО кітапханада бар кітаптар мен басқа да құжаттарды оқырмандарға уақытша пайдалануға беруді ұйымдастырады, сонымен қатар ақпараттық қызметтер көрсетеді.

1.2. Әдебиеттерді үйге беру абонементтерде жүргізіледі. Оқу залдары әдебиеттерді пайдалануға, алып шығу құқығынсыз ұсынады.

1.3. Энциклопедиялар, анықтамалықтар, диссертациялар, мерзімді басылымдар, сирек және құнды кітаптар оқу залдарында оқып дайындалу үшін беріледі. Соңғы және жалғыз дана кітап үйге берілмейді.

1.4. Кітапханаға оқырман болып жазылу үшін, өзінің осы жоғары оқу орнында оқитындығын немесе қызметте екендігін растайтын құжат және екі фотосурет 3x4 см. ұсынады.

1.5. Оқырманға бірыңғай оқырман билеті беріледі және оқырман формуляры толтырылады.

1.6. Кітапханаға жазылар кезде оқырман кітапхананы пайдалану ережелерімен танысып, оларды орындауға міндетіне алатынын растап, оқырман формулярына қол қояды.

1.7. Оқырман билеті АББО-ның барлық құрылымдық бөлімдерін пайдалану құқығын беретін құжат болып табылады.

1.8. Оқырман билетін қолдану мерзімі оқу жылы. Жыл сайын АББО өз оқырмандарын қайта тіркеуден өткізеді және белгілі мерзімге берілген

кітаптарды пайдалану уақытын созады. Қайта тіркеуден өтпеген оқырмандарға кітапхана қызмет көрсетпейді.

1.9. Кітапты, баспа өнімдерін және басқа да материалдарды алар кезде оқырман оны мұқият қарап шығып, ақаулары бар болса, кітапханашыны хабардар етеді, олай болмаған жағдайда кемшіліктің орнын кітапты соңғы пайдаланған оқырман толтырады.

1.10. Кітапхананы пайдалану шарттарын бұзған және АББО мүлкіне зиян келтірген оқырман әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

1.11. Басылымға зиян келтірген немесе жоғалтқан оқырман оны дәл осындай басылыммен не оның көшірмесімен немесе кітапхана соған тең деп тапқан басқа да басылыммен ауыстырады, ал ауыстыра алмаған жағдайда басылымның нарықтық құнын төлейді.

2. Абонементті пайдалану ережесі.

2.1. Абонементтер әдебиеттерді үйге беруді қамтамасыз етеді

2.2. Оқырман абонементте әдебиетке тапсырыс берген кезде оқырман билетін ұсынады.

2.3. Абонементтен үйге берілген әдебиеттер мен басылымдарды (оқулықтар, ғылыми және көркем әдебиеттер) пайдалану мерзімі бір жылдық оқу жылы.

2.4. Оқырманның үйге алған кітабына және басылымдар мен баспа материалдарына, басқа оқырмандардан сұраныс жоқ болса, пайдалану мерзімін ұзарта алады.

3. Оқу залдарын пайдалану ережесі.

3.1. Оқу залдарында пайдаланушы оқырман билетін ұсынады.

3.2. Қажетті әдебиеттер оқу залында болмаса, пайдаланушы оны кітапхана сайтынан таба алады.

3.3. Оқу залында пайдалану үшін кітаптар мен басылымдар және т.б. баспа материалдарының санына шектеу қойылмайды.

3.4. Әдебиеттерді оқу залынан алып шығуға тыйым салынады. Осы ережені бұзған жағдайда, АББО әкімшілігі анықтаған мерзімге, оқырман кітапхана қызметін пайдалану құқығынан айырылады.

4. Электронды ресурстық орталықтарын пайдалану ережесі.

4.1. Электронды ресурстық орталықтары ОҚУ студенттерінің, ізденушілерінің, оқытушылары және қызметкерлерінің өзіндік жұмысы үшін, ақпараттық-библиографиялық және толық мәтінді ақпаратқа қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылған.

4.2. Электронды ресурстық орталықтары Интернет желісіндегі ресурстарын, жазып алынған дерек қорларын және өзіндік электронды ақпараттық ресурстарын, сонымен бірге компьютерлерге орнатылған

бағдарламалық жасақтамаларын пайдалана отырып оқу үрдісі мен ғылыми жұмыстармен айналысуға мүмкіндік береді.

4.3. АББО электронды ресурстық орталығы ұсынатын қызметтер тек ғылыми және білім беру мақсаттары үшін ақпарат алу құралы ретінде қарастырылады. Ойын-сауық немесе коммерциялық мақсаттарда пайдалануға болмайды.

4.4. Пайдаланушы өзіне берілген техника үшін жауапкершілік алады.

4.5. Қорда бар, дәстүрлі емес ақпарат тасымалдағыш құжаттары кітапханадан және электронды оқу залынан тыс берілмейді.

5. Пайдаланушылардың құқықтары мен міндеттері.

Пайдаланушылар құқығы:

- АББО ұсынатын негізгі кітапханалық-ақпараттық қызметтердің түрлерін еркін пайдалану;
- ақпарат көздерін табу және таңдау бойынша кеңестер;
- облыстың білім беру мекемелерінің шоғырландырылған электронды каталогын, Интернет-қызметтердің және басқа да ақпараттық қызметтердің деректерін пайдалану.

Пайдаланушылардың міндеттері:

- әдебиеттер алу үшін оқырман билетін ұсыну;
- кітаптар, басылымдар және т.б. баспа материалдар мен кітапхана мүлкіне ұқыпты қарау;
- кітапханадан алған әдебиеттерді уақтылы қайтару.

Пайдаланушыға тыйым салынады:

- әдебиетті алу үшін басқа біреудің құжатын пайдалануға;
- өз атына тіркелмеген әдебиеттерді кітапханадан алып шығуға;
- оқу залдарына қатты сөйлеуге, телефонды дыбыстық режимде пайдалануға, тамақ әкелуге;
- оқу залдарында қайшыны, ұстараны қолдануға, кітапхана басылымдарын бүлдіруге, оларға жазбалар жасауға, астын сызуға, парақтарды майыстыруға, парақтарды кесуге және жыртуға, құжаттың RFID жапсырмасын зақымдауға, сызбалар, карталарды басып алуға; кітаптарды, журналдарды және басқа да басылымдарды бүлдірген жағдайда (беттерді жыртып алу) пайдаланушының кітапханаға кіруі үш айға дейін шектеледі;
- қызметтік бөлмелерге және қосалқы кітап қоры сақталатын орындарға рұқсатсыз кіруге.

6. АББО құқықтары мен міндеттері.

Кітапхана АББО туралы Ережеге және АББО пайдалану ережелеріне сәйкес оқырмандарға қызмет көрсетеді.

АББО құқығы:

- берілген кітаптар мен басылымдар және т.б. баспа материалдарының кітапханаға қайтарылуын тұрақты бақылауды жүзеге асыру;
- оқырман жоғалтқан немесе бүлдірген басылымдардың нарықтағы құнына сәйкес басылыммен қалпына келтіруін талап етуге.


АББО міндеттері:

- ұсынылатын қызметтердің барлық түрлері туралы оқырмандарға хабарлау;
- оқырмандарға АББО-дағы барлық кітап қорын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- оқырманның кітапқа деген қызығушылығын дамытуға, өзінің кітап қоры мен ұсынатын қызметін насихаттауға;
- озық технология мен компьютерлендіру енгізу арқылы, оқырмандарға арналған кітапханалық және ақпараттық қызметтерді жетілдіру;
- қордағы бар кітаптар мен басылымдар және т.б. баспа материалдарын белгіленген ережелерге сәйкес есепке алу, сақтау және пайдалануды жүзеге асыру;
- ұлттық мәдени мұраның бір бөлігі болып табылатын өз кітап қорының қауіпсіздігіне жауапты болу;
- оқырмандар үшін кітапханада қажетті жағдайларды жасау және қолдау.

Кітапхана санитарлық күндерді өткізуге құқылы.

Санитарлық күндерде кітапхана пайдаланушыларға қызмет көрсетпейді.

АББО директоры



И.Саурбаева